



Ғылыми мақала / Research Article
МҒТАР / IRSTI 03.20.00



<https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-154-1-94-118>

The Activities of Independent Kazakhstan in the Justification and Development of the Country's Defense and Its Political and Historical Significance

G. Karassayev^a, K. Yensenov^b, N. Konrbay^a, A. Balykova^a

^aInstitute of State History of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

^bL.N. Gumilyov Eurasian National University

 akkain-b@yandex.ru

Abstract. The article delineates the inaugural organisational measures and their ramifications in the implementation of the autonomous defence policy of the Republic of Kazakhstan since the inaugural period of its independence. It cites a plethora of data, assesses the relevance and significance of this step in developing and strengthening sovereignty, and analyzes the initial work being done. The objectives of the state program of the Republic of Kazakhstan for implementing the defense policy adopted during the first period of independence are specified, and the significance of the work to be carried out within its framework is determined. The specific measures implemented by the Republic of Kazakhstan to strengthen the country's defense forces, train military specialists, and ensure their technical condition, and the initial activities and tasks for further implementation of this work are analysed using specific examples. The text goes on to describe the Republic of Kazakhstan's entry into the Collective Security Organization (CSO), a body founded among several former USSR republics, and its activities within it. It also indicates the significance of the planned efforts and proposals for further development and increasing the effectiveness of the work of this defense organization. Finally, it analyses the activity of the Republic of Kazakhstan in the SCO and indicates its significance. The text goes on to outline specific proposals put forward by the state within the framework of this regional organisation for organising the country's defence on a solid basis, and to provide a historical assessment. The analysis then goes on to consider the relations and exchange of experience with the defence services of foreign countries, including the Republic of Turkey, the USA, and others, in strengthening the armed forces of the sovereign state, basing its capabilities in accordance with world requirements. Simultaneously, consideration is given to the accords established by the sovereign nation with NATO member states within this domain to ensure parity and tranquillity. Furthermore, the implementation of Kazakhstan's "Partnership for Peace" initiative is documented. The necessity of maintaining a consistently high level of defence policy, the primary guarantee of the country's independence, in the context of global and regional changes, is emphasised. Recommendations are provided for the systematic and purposeful implementation of this work. The primary sources of information for this article are drawn from foreign and domestic state archives, as well as historical works.

Keywords: Independent Kazakhstan; Defense policy of the state; CIS countries; military partnership; political and historical significance

For citation: Karassayev G., Yensenov K., Konrbay N., Balykova A. The Activities of Independent Kazakhstan in the Justification and Development of the Country's Defense and Its Political and Historical Significance. *Gumilyov Journal of History*. 2026. Vol.154, no.1, pp.94-118. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-154-1-94-118>

Funding. The research was carried out within the framework of the project «Evolution of political institutions and structures in the history of Kazakhstan (XIX-XXI centuries)», under the programme of grant financing of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Project IRN: BR21882308).

Деятельность независимого Казахстана в укреплении и развитии обороны страны и ее политико-историческое значение

Г. Карасаев^а, К. Енсенов^б, Н. Конрбаев^а, А. Балыкова^а

^а*Институт истории государства Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, Астана, Казахстан*

^б*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

Аннотация. В статье рассматриваются первоначальные организационные меры и результаты формирования и реализации самостоятельной оборонной политики Республики Казахстан с момента обретения независимости. В исследовании использованы исторические и архивные данные, дана оценка необходимости и значимости этих ключевых государственных мероприятий как гаранта свободы страны. В их числе проанализирована необходимость обоснования обороны суверенной страны не только силами самой республики, но и через межгосударственные связи в региональном контексте, а также даётся обзор первых шагов в этом направлении. Проведён анализ содержания государственной программы по реализации оборонной политики Республики Казахстан, определена важность мероприятий, подлежащих выполнению в ее рамках. На конкретных примерах проанализированы первоначальные меры по созданию Вооружённых сил Республики Казахстан, подготовке военных специалистов и материально-техническому обеспечению, а также государственная необходимость и задачи по дальнейшему развитию этой сферы. Описано вступление республики в Организацию Договора о коллективной безопасности (ОДКБ), созданную между несколькими союзными республиками бывшего СССР в целях совместного противодействия возможным вооруженным конфликтам в Центральноазиатском регионе в условиях глобализации. Проанализирована деятельность Казахстана в этой организации, направленная на дальнейшее развитие и повышение эффективности данной оборонной структуры. Проанализирована деятельность Республики Казахстан в рамках Шанхайской организации сотрудничества (ШОС), созданной для обеспечения безопасности в приграничных районах государств Центральной Азии. Изложены конкретные предложения государства в рамках указанной региональной организации по укреплению обороноспособности страны и представлена их историческая оценка. Проанализировано сотрудничество с государствами дальнего зарубежья, в частности с Турецкой Республикой, США и другими государствами, по вопросам укрепления вооруженных сил и обмена опытом в соответствии с мировыми стандартами. Наряду с этим, рассмотрены соглашения Казахстана с государствами-членами НАТО в целях обеспечения равенства и мира, а также принятию программы «Партнерство во имя мира». Подчеркивается необходимость постоянного поддержания оборонной политики государства на высоком уровне в связи с изменениями в мире и регионе как главного залога независимости страны. Представлены предложения по системной и целенаправленной реализации этой работы. Источниковую базу статьи, наряду с историческими трудами, составляют сведения из зарубежных и отечественных государственных архивов.

Ключевые слова: независимый Казахстан; государственная оборонная политика; страны СНГ; военное сотрудничество; политико-историческое значение

Тәуелсіз Қазақстанның ел қорғанысын негіздеп, дамытудағы қызметі және оның саяси – тарихи маңызы

Ғ. Қарасаев^а, Қ. Еңсенев^б, Н. Қонрбай^а, А. Балыкова^а

^аҚазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ғылым комитетінің Мемлекет тарихы институты, Астана, Қазақстан

^бЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасының өзінің тәуелсіздігін алған алғашқы мерзімінен басталған егемен мемлекеттің дербес қорғаныстық саясатын жүргізудегі алғашқы ұйымдастыру шаралары мен оның нәтижелері баяндалған. Атқарылар істің нақты мақсаты айқындалған. Аталған тақырыпты ашуда көптеген тарихи және архив деректері пайдаланылып, бұл келелі мемлекеттік шараның Ел бостандығының кепілі ретіндегі қажеттігі мен маңызына баға берілген. Солардың қатарында егемен еліміздің қорғанысын негіздеудің республиканың өзінің ғана емес, аймақтық мемлекеттер аралық байланыстар арқылы жүзеге асырылуының қажеттігі мен осы бағыттағы алғашқы атқарылып отырған жұмыстарға талдау берілген. Қазақстан Республикасының қорғаныстық саясатын жүргізуге арналған мемлекеттік бағдарламасының мазмұнына талдау жасалып, оның аясындағы атқарылуға тиісті істердің маңызы айқындалған. Қазақстан Республикасының әскери қорғаныс күштерін негіздеу, әскери мамандар дайындау мен техникалық жағдайын қамтамасыз етудегі бастапқы жүзеге асырылған шаралары мен бұл істі одан ары жүзеге асырудың мемлекеттік тұрғыдағы қажеттігі мен міндеттері нақты мысалдар арқылы сараланған. Қазіргі жаһандану заманындағы Орталық Азия аймағындағы мүмкін болар қарулы қарсы әрекеттерге бірлесе тойтарыс беру мақсатындағы Республиканың бұрынғы КСРО құрамында болған бірнеше одақтас республикалар арасындағы негізделген Ұжымдық қауіпсіздік ұйымына кіруі мен ондағы атқарып отырған қызметі баяндалған. Аталған қорғаныстық ұйымның жұмысын одан ары дамытып, нәтижелілігін арттырудағы Қазақстан Республикасының жоспарлы бұл ұйымдағы атқарып отырған қызметі мен оны одан ары дамытудың қажеттігі көрсетілген. Орталық Азиядағы мемлекеттердің шекара аймағындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылған ШЫҰ-дағы Қазақстан Республикасының қызметіне талдау беріліп, маңызы көрсетілген. Мемлекеттің елдің қорғанысын берік негізде ұйымдастыру жолындағы аталған аймақтық ұйым шеңберіндегі жасаған нақты ұсыныстары баяндалып, оған тарихи баға берілген. Егемен мемлекеттің қарулы күштерін нығайту, оның қабілетін әлемдік талаптарға сай негіздеудегі алыс шетел мемлекеттері, солардың қатарындағы Түркия Республикасы, АҚШ, тағы да басқа мемлекеттердің қорғаныстық саладағы қызметтерімен байланысына, тәжірибе алмасу жұмыстарына талдау берілген. Бұлармен бірге Егемен еліміздің осы саладағы НАТО-ға мүше мемлекеттермен арадағы теңдік және бейбітшілікті қамтамасыз ету жолындағы жасалған келісімдеріне назар аударылып, Қазақстанның «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» атты Бағдарламасын қабылдауы баяндалған. Ел тәуелсіздігінің басты кепілі мемлекеттің қорғаныстық саясатын әлемдегі және аймақтағы өзгерістерге байланысты үнемі жоғары деңгейде жүргізудің қажеттігіне назар аударылған. Бұл істі жүйелі де мақсатты тұрғыда іске асыруға арналған ұсыныстар берілген. Мақаланың дереккөздерінің негізгі бөлігін тарихи еңбектермен қатар шетелдік және отандық мемлекеттік архив мәліметтері құрайды.

Түйін сөздер: тәуелсіз Қазақстан; мемлекеттің қорғаныстық саясаты; ТМД елдері; әскери әріптестік; саяси-тарихи маңызы

Сілтеме жасау үшін: Қарасаев Ғ., Еңсенев Қ., Қонрбай Н., Балыкова А. Тәуелсіз Қазақстанның ел қорғанысын негіздеп, дамытудағы қызметі және оның саяси – тарихи маңызы. *Gumilyov Journal of History*. 2026. Т.154, no.1. с.94-118. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-154-1-94-118>

Қаржыландыру. Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің ЖТН № BR21882308 «Қазақстан тарихындағы саяси институттар мен құрылымдардың эволюциясы (XIX-XXI ғғ.)» тақырыбын бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру бойынша іске асырылады.

Kіpіcne

Егемендікке қол жеткізілген алғашқы күндерден бастап Қазақстан Республикасының алдына қойылған негізгі міндеттердің қатарында еліміздің әскери қорғаныс жүйесін негіздеу, Қазақстан армиясын жасақтау, осы бағыттағы қазіргі заман сұранысына жауап беретін қорғаныс саясатын қалыптастыру болды. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін мемлекет тарапынан жүйелі әрі жоспарлы жұмыстар жүргізіле бастады.

Аталған бағыттағы ең алғашқы қадам – Кеңес Одағы кезіндегі республиканың территориясында орналастырылған әскери бөлімдердің негізіндегі Республика Қарулы Күштерін жасақтау, оның алдына қойған мақсатын белгілеуге арналды.

Осы тұрғыдағы жүзеге асырылған бастапқы істер туралы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.А. Назарбаев: «1992 жылы қаңтардың басында, менің тапсырмаммен мемлекеттік әскери доктрина жасау қолға алынды. Сондай-ақ бұрынғы КСРО әскери бөлімдерін, қару-жарақ пен әскери дүние-мүлікті түгендеуге шешім қабылданды. 1993 жылдың 11 ақпанында Жоғарғы Кеңес алғашқы әскери доктринаны мақұлдады және мен бекіткеннен кейін күшіне енді. Ол басынан бастап елдің бейбіт саясатын паш етті және қорғаныс сипатына ие болды. Одан арғы әскери құрылыстар сол доктринаға сәйкес жүзеге асырылды» – деп жазды ([Назарбаев 2017: 48, 102](#)).

Бастапқы атқарылған жұмыс шараларының нәтижесінде Қазақстан Армиясы біршама заман талаптарына сай қалыптастырылып, одан ары дамыту жұмыстары бастау алды. Мысалы, аймақтық әскери бөлімдерін құру, оларды арнайы білімді мамандармен қамтамасыз ету, ұлттық әскери оқу орындарын ашу, техникалық жабдықтау жұмыстары қарқынды жүргізілді. Осылардың ішіндегі маңыздысы – уақыт талабына сай саны қысқа, алайда толық дайындықтан өткізілген кәсіби әскер құрамаларын жасақтау жүзеге асырыла бастады.

Мақаланы дайындау барысында авторлар ең алдымен аталған тақырыпқа байланысты Ресей Федерациясының Сыртқы саясат архиві, Қазақстан Республикасы Президенті архивіндегі осы тақырыпқа арналған деректерді іріктеп, өзара салыстыру арқылы талдау жасауды іске асырды. Бұлармен бірге осы тақырып мазмұнын ашатын тарихи туындылар пайдаланылды.

Мақалада Ел Егемендігінің алғашқы жылдарындағы Қазақстанның қорғаныстық саясатын негіздеу мен осы бағыттағы атқарылған істерге талдау жасалғандықтан (1992-2002 жж.) негізінен аталған мерзім аралығындағы тарихи және архив деректер пайдаланылды.

Әдеби шолу

Қазақстандық дипломат, қоғам қайраткері Қ.К. Тоқаев (Қазақстан Республикасының қазіргі Президенті) «Беласу» атты еңбегінде: «1990 жылдардың басында қалыптасқан әлемдік тәртіпке қауіп төндірмеу үшін қосымша дипломатиялық акциялар керек болды. Вашингтонда, Москвада және дүниежүзі державаларының астаналарында бұрынғы кеңес кеңістігінде Ресейдің ядролық мемлекет болғанын заңды түрде растайтын құжат әзірлеу жөніндегі жұмыс басталды. 1992 жылы наурыз айында Москвада бұрынғы Кеңес Одағы мемлекеттерінің – Қазақстан, Ресей, Украина және Беларусь арасында сыртқы істер министрлері орынбасарларының деңгейінде келіссөздер болды. Бұл КСРО ыдырағаннан кейін өткен жоғары деңгейдегі алғашқы дипломатиялық кездесу» – деп жазды (Тоқаев 2008: 173-174). Ал бұл айтылғандар Кеңес Одағы тарағаннан кейінгі алғашқы уақыттан бастап-ақ Тәуелсіздігін жаңадан алған ТМД құрамындағы республикалардың жеке және ұжымдық қорғаныс істерін, солардың қатарында әрбір республиканың дербес қорғаныс саясатын негіздеп, оны заман талабына сай жүргізуінің қажеттігін айқындады.

Міне, сондықтан да Қазақстан Республикасының саяси басшылығы және оның әскери мамандары әрбір мемлекеттің дербес қарулы күштерін негіздеу тәуелсіз елдің міндетті ерекше белгісі екендігіне барынша назар аударып, бұл бағытта ауқымды істер атқара бастады. Ең алдымен Қазақстан армиясын құру және оның атқарар қызметін айқындау жұмыстары уақтылы қолға алына бастады. Қауіпсіздік мақсатында 1992 жылы 1 шілдеде бұған дейін ел территориясында орналасып келген кеңестік 40-шы жеке жалпыәскери армия Қазақстан Республикасының қарамағына алынды және жаңадан құрылған Қорғаныс министрлігіне бағындырылды (Қазақстан тарихы 2010). Міне, осылай аталған бағыттағы алғашқы нақты қадамдар бастау алды.

Ұлыбритания қоғам қайраткері Джонатан Айткен «Қазақстан. Сюрпризы и стереотипы» деп аталатын еңбегінде: «Кеңес Одағы тарағаннан кейін ең алғашқы Антиядролық қозғалысты бастап, «Семей полигонын» жапқан мемлекет Қазақстан болды. Осындай бастамалары үшін бұл мемлекет әлем елдеріне үлгі боларлық оқиғаның бастаушысы ретінде танылды. Жалпы, Қазақстанда бұл полигон 40 жыл сынақ жүргізіп келген. Бірақ, жаңа жағдайда оның зардаптарынан құтылу үшін және әлемге бейбітшілік жағдайын қалайтын Қазақстан Президенті Н.А. Назарбаев батыл шешім қабылдады» – деп көрсетті (Айткен 2011: 81-82). Семей ядролық сынақ полигонын жабумен бірге Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында Қазақстан Республикасы Кеңес Одағы тарағанға дейін өзінің территориясында орналасқан барлық ядролық қару түрлері мен оларды жеткізу құралдарын республика аумағынан толық шығарғаны белгілі. Бұдан туындайтын қорытынды осындай әлемдік деңгейдегі маңызды шаралары арқылы Қазақстан Республикасы бейбітшіл сыртқы саясатын жүргізетіндігі айқындалды.

Жүзеге асырылған нақты шаралары арқылы Қазақстан басшылығы елдің кез келген сыртқы қатерлерге лайықты жауап беру мақсатындағы өзінің дербес қорғаныс саясатын жүргізу және оның кепілі ретінде заман талабына сай әскери қорғаныс күштерін негіздеуді жылдам қолға ала бастады. Міне, осылай әлемдік деңгейдегі бейбіт бастама көтерген Қазақстан Республикасының бұл шешімін дүниежүзі мемлекеттерінің басшылары мен әлем тұрғындары оң қабылдады.

Бұлармен бірге Қазақстанның өз қауіпсіздігін іске асыру міндетінің аймақтық бейбітшілікті берік қамтамасыз ету жолындағы көрші елдермен арадағы көп бағытты қызметі де бастау алды. Ал мұның өзі әлемдік бейбітшілікті сақтауға мүдделі жақын,

алыс елдер тарапынан да қолдау тапты. Осы мақсатты жүзеге асыру жолындағы Қазақстан мемлекетінің әлем елдерінің көпшілігімен өзара екіжақты және көпжақты байланыстары орнатыла бастады. Ал мұның барлығы нақты архив және тарихи деректер арқылы мақалада көрініс табуына назар аударылды.

Тақырыпқа байланысты пайдаланылған бұл тарихи деректермен бірге мақала авторлары Қазақстан Республикасының тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастау алған еліміздің қорғанысын қамтамасыз етудегі қызметінің қазіргі уақытқа дейінгі жалғасып келе жатқанына да назар аударды.

Осындай мақсатпен мемлекетіміздің аталған бағытындағы қызметін ашатын соңғы жарық көрген көптеген ғылыми туындыларға да талдау жасалды. Атап айтқанда, Г. Дубовцевтің: «Военная безопасность Республики Казахстан: опыт, актуальные проблемы, основные направления обеспечения» атты еңбегінде Қазақстан қарулы күштерінің алғашқы негізделген мерзімінен 2015 жылға дейінгі даму жолына талдау берілген. Соның ішінде АҚШ, Еуропа Одағы елдерімен арадағы осы бағыттағы ынтымақтастығы нақты мысалдар арқылы баяндалған. Онда атап көрсетілгеніндей: «Қазақстанның әскери қызметкерлері АҚШ-тың әскери оқу орындарында білім алады, олар АҚШ-пен Қазақстанның жетекші әскери жоғары оқу орындары оқытушылары мен курсанттары (кадеттер) қатысатын қысқа мерзімдік тәжірибе алмасу курстарынан өтеді. Еуропа Одағына мүше мемлекеттермен арадағы әскери ынтымақтастық жеке елдермен немесе тікелей НАТО ұйымы арқылы іске асырылады. Ұлыбритания, Франция, ГФР, Испания, Италия және де Еуропа Одағының басқа да елдерімен арадағы қатынас бейбітшілікті қамтамасыз етудегі бірлескен шараларды іске асыру, әскери білімалу, әскери-техникалық ынтымақтастықты қамтамасыз ету бағытында жүргізіледі» (Дубовцев 2018: 163)

Қазақ-американдық зерттеуші, ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласының маманы Тогжан Касенованың 2022 жылы АҚШ-та жарық көрген «Атомная степь: как Казахстан отказался от ядерного оружия» атты зерттеуінде Қазақстандағы Семей ядролық сынақ полигонының ашылуы, ондағы жүргізілген ядролық сынақтар, зардаптары туралы көптеген деректер келтірілген. Кеңес Одағының соңғы жылдарындағы Қазақстандағы аталған полигонның жабылуы және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ел аумағында орналасқан ядролық қарулардан арылуының барысы, қажеттігі мен маңызы баяндалған (Касенова 2024: 29).

Осы тақырыпқа байланысты 2020 жылдан кейінгі уақытта жарияланған келесі монографиялық зерттеуде Қазақстан Республикасындағы әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің міндеттері мен тәсілдерін одан әрі жетілдіру жолдары көрсетілген (Ещанов, Баянов, Губашев 2020: 190). «Правовые основы организации деятельности Вооруженных сил Республики Казахстан: состояние и перспективы» деген ғылыми зерттеу еңбегінің мазмұны да тақырыбында көрсетілгеніндей, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметін бүгінгі күн талабына сай құқықтық негізде жүргізудің талаптары баяндалған (Молдашева 2023: 135).

2021 жылы жарық көрген келесі ғылыми туындыда Қазақстан жастарын әскери қызметін атқаруының жолдары мен ондағы негізгі атқарылатын шараларға сипаттама жасалып, осы бағыттағы іс жоспарлары айқындалған (Сагадиев және басқалар 2021: 198).

2020 жылдың 20-22 шілде аралығында өткізілген «Қарулы Күштердің қызметінің әскери-техникалық қамтамасыз етілуі: Әлемдік тәжірибе және даму үрдістері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда белгілі еліміздің қорғаныстық

саласын зерттеуші ғалымдар мен мамандар аталған келелі қызметті заман талабына сай жандандырудың қажеттігін саралап, атқарылар істерді саралады (**Қарулы** күштердің қызметінің әскери-техникалық қамтамасыз етілуі: әлемдік тәжірибе және даму үрдістері 2020: 413).

Материалдар мен әдістер

Ғылыми зерттеу мақаласын жазуға Қазақстан Республикасының Президенті архиві (ҚР ПА), Ресей Федерациясының Сыртқы саясаты архиві (РФ ССА) құжаттарынан алынған тың деректер пайдаланылып, тақырып мазмұнына сай ғылыми байланысқа енгізілді. Сондай-ақ, әскери және халықаралық қатынастарға байланысты жазылған шетелдік және отандық ғылыми зерттеу еңбектеріне талдау беріліп, оларға сілтемелер жасалынды.

Мақалада ғылыми зерттеудің теориясы және методологиясы бойынша негізінен тарихшылдық, объективтілік, тарихи салыстырмалы талдау және тарихи жүйелілік методтары пайдаланылды.

Біздің зерттеу нысанына айналып отырған бұл мақалада нақты мысалдар арқылы еліміздің Қарулы күштерін құрып, қорғаныстық саясаттың бейбітшіл бағытын қамтамасыз етуде жақын және алыс шетел елдерімен ынтымақтастық бағытындағы істеріне де талдау жасалынды. Себебі, Қазақстанның болашақтағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету біздің мемлекеттің көршілес елдермен бірлесе отырып Орталық Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету міндеттерімен ұласатындығы белгілі.

Бұлармен бірге ғылыми шығармада аталған күрделі де маңызды мәселені ойдағыдай шешуде алыс шетелдік мемлекеттермен ынтымақтастық орнатылып, атқарыла бастаған бірлескен шаралардан мәліметтер келтіріліп, маңызы атап көрсетілген. Жоғарыдағы көрсетілгендерден барып, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздіктің алғашқы мерзімінен бастап қолға алынған мемлекеттің беріктігі мен қуаттылығының негізіне айналып отырған осы бейбітшіл қорғаныстық саясатын жеке тарихи тұрғыдан зерттеу де қажет екендігі белгілі.

Нәтижелер

Мақаланы дайындауға негізінен алғанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарындағы көпбағытты тарихына арналған ғылыми зерттеу еңбектері, құжаттар жинағы және де шетелдік (Ресей Федерациясы сыртқы саясаты, Қазақстан Республикасы Президенті, Қазақстан Республикасы Бірінші Президенті Қоры архивтерінің қорларында жинақталған мәліметтерге талдау жасалып, қажетті деректер алынды.

Оларды ғылыми байланысқа енгізіп отырып, ел тәуелсіздігінің бастапқы жылдарындағы мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі алғашқы атқарылған нақты шараларға талдау жасалды. Олардың нәтижелілігі мен маңызын айқындауға назар аударылды. Бұлардың қатарындағы мемлекетіміздің бейбітшіл қорғаныстық саясатын негіздеудегі айрықша маңызға ие болып келген Орталық Азиядағы бейбітшілікті сақтаудағы көрші мемлекеттермен арадағы қатынасты берік жолға қою, осы бағыттағы ынтымақтастықты іске асыруға деген нақты істері, ұсыныстарына талдау жасалды.

ТМД елдерімен арадағы жүзеге асырылған шараларға сипаттама беріліп, нәтижелері баяндалды, бұл істі одан әрі жалғастырудың қажеттілігі көрсетілді.

Қазақстанның бейбітшіл қорғаныстық саясатын жүргізіп, дамытудағы, Қарулы Күштерді құрып, оны жабдықтаудағы Түркия Республикасы, Қытай Халық Республикасымен арадағы қол жеткізілген алғашқы өзара ынтымақтастыққа сипаттама беріліп, олардың нәтижелеріне талдау жасалынды, оның болашақтағы маңызы көрсетілді.

Ресей Федерациясы, Еуропа елдері, АҚШ-пен арадағы бұл бағыттағы атқарылған істер нақты деректер арқылы баяндалды.

Осылардың қатарында ғылыми жұмысты дайындауда 1991 жылдың соңынан басталатын біздің мемлекетіміздің сыртқы саясат ісін негіздеп, одан ары жүргізудегі қызметіне арналған шығармалардағы мақалалар мен жасалған баяндамалары пайдаланылды. Мысалы, «Актуальные проблемы внешней политики Казахстана» мақалалар жинағындағы сол мерзімдегі Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі қызметін атқарған Қ.К. Тоқаевтың «Основные аспекты процесса становления и развития внешней политики Республики Казахстан» атты мақаласында Тәуелсіз Қазақстанның ХХ ғасырдың 90 жылдарының басындағы сыртқы саяси қызметін негіздеудегі осы бағыттағы әлем мемлекеттері, халықаралық ұйымдармен арадағы қатынасты орнату, өзінің Қарулы күштерін құрудағы бастапқы қызметіне сипаттама берілген.

Келесі, «Внешнеполитические инициативы Президента Республики Казахстан» деген атаумен дайындалған кітаптың 48-бетінде мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Ресей Федерациясымен арадағы жасалған әскери-техникалық ынтымақтастықты қамтамасыз ету жөніндегі келісім талаптарына сипаттама берілген. Осы бағыттағы атқарылған істердің маңыздылығы атап көрсетілген.

Бұл кітаптың 102-бетінде ТМД мемлекеттері арасындағы Ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған деректердің мазмұнына талдау жасалған. Бұл әскери ұйымдастыру шарасының болашақтағы маңызына баға берілген.

Ағылшын саясаткері Айткен Джонатанның «Казakhstan. Сюрпризы и стереотипы» еңбегінің 81–82-беттерінде ХХ ғасырдың 90-жылдарының ортасындағы Қазақстан Республикасындағы КСРО өмір сүруін тоқтатқаннан кейінгі алғашқы мерзімдегі республикадағы Семей ядролық сынақ алаңының жұмысын тоқтату, ел аумағынан ядролық қаруларды толығымен шығару қызметінің әлемдік деңгейдегі маңызы айқындалған. Осы арқылы жаңа мемлекеттің өзінің бейбітшілік бағытындағы келелі бағытының дүниежүзілік қауымдастық тарапынан қолдау табуына назар аударылған. Әлемдік ядролық мемлекеттердің Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген ұсыныстарының маңызы көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабындағы Тәуелсіз Қазақстанның дербес қарулы күштерін негіздеудегі, оның мақсатын айқындаудағы атқарылған істерге шолу жасалып, деректер алынды.

«Қазақстан тарихы көптомдығының Қазақстан Республикасының қазіргі заман тарихына арналған 5-томынан да мемлекетіміздің өзінің егемендігінің алғашқы жылдарындағы сыртқы саясатты жүргізудегі, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі атқарған істерінен мәліметтер алынып, мақаланың мазмұнын ашуға пайдаланылды. Осылардың қатарындағы Еліміздің Қарулы Күштерін қалыптастырудағы атқарған алғашқы шараларына сипаттама жасалып, баға берілді.

Қ.К. Тоқаевтың «Беласу» еңбегінің 173-174-беттеріндегі 1990 жылдың соңынан бастау алатын АҚШ жетекшілік еткен әлем мемлекеттерінің ауыр саяси-экономикалық және ұлтаралық қатынастардағы терең дағдарысқа түскен, жер шарындағы ең ірі ядролық және оны жеткізу құралдарының қоры жинақталған КСРО-дағы осы қарулардың

болашағын айқындауға алаңдаушылықты тудырып келген ахуалдың себептеріне сараптама жасалып, баға берілген. Ал Кеңес Одағы тарағаннан кейінгі ең алғашқы уақыттағы, атап айтқанда, 1992 жылдың наурыз айындағы Мәскеу қаласындағы Қазақстан, Ресей, Украина және Беларусь арасында сыртқы істер министрлері орынбасарларының жоғарыдағы аталған ядролық қарулардың болашағын айқындау жолдары, сонымен бірге бірлескен, өзара ынтымақтастықты қорғаныс шараларын іске асыруға арналған келіссөз өткендігі баяндалған. Бұл келісімнің аталған жағдайдағы жаңадан тәуелсіздігін алған мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бастамасы болғандығына назар аударылған.

Талқылау

Кеңес Одағы тарағаннан кейінгі кезеңдегі өзара көршілес орналасқан жаңадан негізделген дербес мемлекеттердің көпшілігіндегі саяси, экономикалық тұрақсыздық, мемлекеттік шекаралардың түпкілікті тұрғыдағы негіздегі анықталмауы, оның ашықтығы, реттелмеген заңсыз көші-қонның жоғары деңгейдегі орын алуы, тағы да басқа қайшылықты жағдайлар Қазақстанның қорғаныс қызметін талап дәрежесіне сай қоюды қажет етті.

Келесі орын алған күрделі жағдай – жаңа тәуелсіз мемлекеттерге, соның ішіндегі Қазақстанға Орталық Азия елдерінен келетін жасырын есірткі көлемінің артуы, аталған аймақ мемлекеттеріндегі діни бағыттағы қарулы топтардың белсенді әрекеттері, олардың бүлдіру қимылдарының арта түсуі де жағдайды күрделендіре түскен еді. Міне, осындай құбылыстар мемлекет шекарасының бұзылмастығын іске асыру, республика Қарулы Күштерін уақыт сұранысы дәрежесінде жасақтап, техникалық жарақтануын қамтамасыз ету шараларының керектігін тудырды.

Қалыптасқан осындай жағдайлардан барып, ел экономикасын уақыт талабына сай бағытқа бұру, осының негізіндегі еліміздің көпбағытты Қарулы Күштерін құру, оның атқарар міндетін белгілеп, мемлекет қауіпсіздігін сенімді негізде іске асыруда Қазақстан мемлекеті тарапынан ауқымды шаралар атқарыла бастады. Солардың қатарындағы маңыздысы – елдің қорғаныстық жүйесін халықаралық талап негізінде жолға қою, еліміздің әскери қауіпсіздігін аймақтық және дүниежүзілік өзара теңдік жағдайындағы қорғаныстық саясатқа қосу болды. Өйткені уақыт өткен сайын шеңбері мен ауқымы артып отырған бейбітшілікке қарсы күштерге тосқауыл қоюға Қазақстан сияқты жас мемлекеттердің толық мүмкіндігі әзірге қамтамасыз етілмегендігі айқындала түсті.

Мұнымен қатар, көптеген әлемдік мемлекеттердің қорғаныстық қуаты дербес тұрғыдағы ел қауіпсіздігін сенімді негізде қамтамасыз ете алмайтындығы айғаққа айналған еді. Өйткені, бір аймақтан асып, құрлықтық, тіпті әлемдік қауіпке айналып отырған халықаралық терроризм, жаппай қаруланған әр бағыттағы діни сепаратистік ұйымдар мен олардың дүниежүзілік билікке ұмтылуы қауіпінің артуы, өз мақсаттарына жетудегі ешқандай да қарулы әрекеттен бас тартпайтын әлемге тараған есірткі айналымы, тағы басқа қауіпті жағдайлар әлем мемлекеттерінің барлық күшін осындай кері құбылыстарға қарсы жинақтауға мәжбүрлеп отырғандығы белгілі.

Осындай жағдайлардан барып, қорғанысты іске асырудағы жоғары техникалық дамуды қамтамасыз етудің өзі мемлекеттердің бұл бағыттағы бірігулерінің қажеттігін тудырды. Ал, Тәуелсіздікке енді қол жеткізіп, экономикалары нарық талаптарына жаңадан түсе бастаған ТМД құрамындағы мемлекеттерге мұндай ынтымақтастық

қажеттілікке айналды. Осындай себептерді негіз еткен Қазақстан Республикасы Достастыққа мүше мемлекеттердің барлығымен арадағы көпсалалы ынтымақтастыққа қосылып, жоспарлы негізде ортақ қорғаныс жүйесін құру қызметіне бет алды.

Егер сол уақыттағы осы мақсатты іске асыруға арналған тарихи оқиғаларға талдау жасайтын болсақ, Ресей Сыртқы істер министрлігінің арнайы мәлімдемесінде: «Достастық елдері әскери-саяси ынтымақтастықты тереңдетуде ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру арқылы белгілі қадамдар жасады. Бұл жүйенің құқықтық негізі 1992 жылдың мамыр айындағы Ресейдің бастамасы негізіндегі Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім (ҰҚШҰ) болды (Оған қатысушылар: Ресей, Армения, Азербайжан, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызия, Тәжікстан және Өзбекстан). Осыдан шығатын маңызды қорытынды Достастыққа мүше елдердің әуе қорғанысының бірлескен жүйесін құру туралы Келісімге қол қойылуы болды. Одан кейін шекара мәселесіндегі ынтымақтастықты тереңдету ісі байқалды.

Достастық елдері мен оған кірмейтін мемлекеттер арасындағы мемлекеттік шекараны қорғаудың бағдарламасы мен Келісімнің қабылдануы нәтижелілігімен айқындалды (Армения, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызия, Ресей, Тәжікстан қол қойды). Аталған елдердің мемлекеттік шекараларын қорғаудағы бірлескен қимыл мемлекеттер арасындағы жекелеген мәселелерді шешеді, мүмкін болар шекаралық ахуалды шешудегі тұрақтандырушы күш бола алады.

ТМД-ның Мәскеудегі 19 қаңтарындағы мәжілісінде мемлекет басшылары Достастыққа мүше елдер қақтығыстарды реттеу мен оның алдын алу мақсатындағы Концепцияны, сонымен бірге бейбітшілікті қолдаудағы ұжымдық күштер туралы ережені қабылдады», – деген анықтамалар беріліп, Қазақстан Республикасының жаңадан негізделген ТМД-ға мүше мемлекеттермен ортақтасқан ұлттық және ұжымдық қорғаныс саласын құрудағы алғашқы қызметіне сипаттама жасалды¹.

Егемендіктің бастапқы уақытынан Қазақстан Республикасының осылардың қатарындағы, Ресей Федерациясымен арадағы қорғаныстық мақсаттағы өзара ынтымақтастығы бастау алып, одан әрі жалғастырыла түсті. Оған екі жақ та мүдделі болды. Кеңес Одағы тарағаннан кейінгі уақыттағы Қазақстанда орын тепкен ядролық қарулар мен оларды жеткізу құралдарының болашағы, республикадағы жаңа әскери қару түрлерін сынау алаңдарын бірлесіп пайдалану, жаңадан құрыла бастаған республика Қарулы Күштерін техникамен қамтамасыз ету, Ресей әскери оқу орындарында кадрлар дайындау мәселелерін бірлесе шешу екі жақты қажеттілікке айналды. Міне, осындай жағдайда: «Жалпы әскери-стратегиялық кеңістік шеңберіндегі сенімді бірлескен қорғанысты қамтамасыз ету мақсатында Ресей мен Қазақстан Республикасының территориясында уақытша орналасқан стратегиялық ядролық күштердің міндеттерін белгілеу туралы келісімге келді. Екі елдің қорғаныс министрліктері әскерлерді мемлекеттердің өзара қауіпсіздігі мәселелеріне арналған бірлесе жоспарлау мен қолдануға арналған келісімдерге қол қояды».

Президент П. Ельцинге ядролық қарулы мемлекеттің басшы ретінде Қазақстан Республикасының ядролық қарусыз ел ретіндегі ядролық қаруды таратпау туралы келісімге қосылғаны туралы құжат тапсырылды. Ресей Қазақстанның бұл қадамын қолдап, оны жаһандық қауіпсіздік пен әлемдік бейбітшілікті нығайтуға қосылған маңызды үлес деп бағалады және ядролық қауіпсіздік туралы өзінің кепілдігін бекітті².

Көрсетілген кезеңдегі Қазақстанның сыртқы саясаттағы қызметінде туындаған келелі мәселелердің қатарында мемлекет территориясында орналасқан ядролық қаруды

айқындау болды. Бұл әлемдік маңызға айналды. Осы уақытта ел ішінде және одан тыс жерлерде Қазақстандағы ядролық қарудың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жолдары ұсыныла бастады. Орын алған ахуалды есепке ала отыра Республика басшылығы тарапынан бұл қарудан және оны жеткізу құралдарынан жылдам тұрғыда толығымен аластану туралы шешім шығарылып, оның алғашқы қадамдары жүзеге асырыла бастады. Міне, осылай: «Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін-ақ республиканың ядролық қарудан аластану мәселесіне арналған саяси қысымға ұшырады. Алматы, өз кезегінде ядролық қаруы бар мемлекеттерден кепілдік алу үшін бұл істі саналы тұрғыда одан ары созды» – деп жазылды шетелдік баспасөз беттерінде³.

Бұған жауап ретінде, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында өзара әскери ынтымақтастықты жолға қою шаралары, соның ішінде ядролық қару мәселесін шешуге арналған екіжақты уағдаластықтар жасалды. Аталған уағдаластықтар мазмұнында:

«Осылайша, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қазіргі уақытта келесі құжаттар кепілдік береді:

– Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1994 жылғы 28 наурыздағы Әскери ынтымақтастық туралы келісім;

– Қазақстан Республикасының ядролық қаруды таратпау туралы бірлескен шартқа қосылуы;

– Ресеймен әскери ынтымақтастық және ортақ әскери-стратегиялық кеңістік құру туралы келісім.

Бұлар арқылы осы бағыттағы Ресей мен Қазақстанның әскери доктриналары ережелерінің сәйкестендірілуі арқылы әскери қауіптердің сыртқы көздерін анықтауға мүмкіндік туады.

Қажет болған жағдайда бірлескен қимылдарды іске асыра отыра, Қазақстан қауіпсіздігі мәселелері бойынша Ресей Федерациясы тарапынан кепілдіктер беріледі», – деп көрсетілді⁴.

Екі мемлекет арасындағы жасалынған мұндай келісімдер Қазақстанның қорғаныс қабілетін арттыруға елеулі тұрғыда ықпал етті. Жоғарыда аталған өзара келісімдер талаптарына сай: «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес, ҚР мүдделі министрліктері мен ведомстволары өкілдерінің жұмыс тобы әскери полигондарды бірлесе пайдалануға байланысты мәселелерді талдап, тиісті жазба дайындады.

Қазақстан мен Ресей арасындағы әскери полигондарды жалға алу туралы шарттар жасасу туралы шешім мынадай құжаттар негізінде дайындалды:

– 1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Достық, ынтымақтастық және өзара көмек» туралы шарт (екі тарап та ратификациялаған);

– Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Әскери ынтымақтастық туралы шарт және 1994 жылғы 28 наурыздағы Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісім;

– Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1995 жылғы 20 қаңтарда қол қойылған 929-шы Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын, 4-ші мемлекеттік сынақ полигонын, «Ембі» және «Сары-Шаған» полигондарын пайдалану тәртібі туралы келісімдер⁵.

Бұлармен қатар аталған бағыттағы өзара қатынасты айқындайтын келесі құжатта: «Қазақстан мен Ресей арасындағы Әскери ынтымақтастық туралы шартта (11-бап) Тараптар Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз күштері мен Ресей Федерациясы Әскери-Теңіз Флотының күштері мен құралдарын екі жақтың қауіпсіздігін бірлесіп қамтамасыз ету мүддесінде Каспий теңізі акваториясын бірлесе пайдалану туралы келісім жасасатыны көзделген», – деп жазылған⁶.

XX ғасырдың 90 жылдарының басындағы екі мемлекет арасындағы аталған бағыттағы келісімдерге, олардың орындалуына үнемі баса назар аударылып келді. Оны «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы осындай келісімдердің орындалуына екі жақ тарапынан ерекше маңыз беріліп келеді. Осы бағыттағы іске асырылған ресми екі жақты сапарлардың басты қорытындыларының бірі – Қорғаныс министрі И.Д. Сергеевтің Қазақстанға ресми сапары болды. Осы сапарда Ресей Қорғаныс министрлігінің қазіргі басшылығының тең және өзара тиімді негізде әскери ынтымақтастықты жүзеге асыру қажеттілігі туралы айқын түсінігі болды.

Кездесудің қорытындысында Ресейдің Қорғаныс министрі іске асырылып отырған екіжақты әскери ынтымақтастықты одан әрі нығайту ынтымақтастыққа ойдағыдай серпін ретінде бағалады. Келіссөздер барысында әскери ынтымақтастықтың келелі мәселелері қаралды...», – деген ресми мәлімет бекіте түседі⁷.

Бірлескен әскери бағыттағы қорғанысты жолға қоюдағы болашақтағы осындай екі жақты келісімдердің маңыздылығы баяндалған ресми хаттамада: «Келесі – әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық туралы шарт жалпы әскери-стратегиялық кеңістік шеңберінде сенімді бірлескен қорғанысты қамтамасыз ету мақсатында Ресей мен Қазақстан Республикасы аумағында уақытша орналасқан стратегиялық ядролық күштердің мәртебесін айқындау туралы уағдаластық болды. Екі елдің қорғаныс министрлері аталған бағыттағы келелі мәселелер бойынша келісімдер жасауды да жоспарлап отыр. Іс жүзінде біртұтас әскери кеңістік құрылады. Бірлесе шығарылатын әскери өнімдер түрлері туралы мәселелер реттелді, әскери мамандар мен офицерлерді даярлау тәсілдері келісілді.

ҰҚШҰ (Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы) шеңберінде әскери-техникалық ынтымақтастықты, елдердің әскери бөлімшелерінің бірлескен оқу-жаттығуларын нығайтатын әуе қорғанысының біріккен жүйесін құру – мұның бәрі қалыптасатын бірыңғай қорғаныс кеңістігінің құрамдас бөліктері болып табылады», – деп көрсетілді (Нурымбетова, Кудайберген 2010: 48, 102).

Міне, осындай осындай өзара ынтымақтастыққа негізделген ортақ қызметтің бастамасы өзара мүдделі маңызды істің одан ары жүргізілуіне жағдай жасады.

Қазақстан Республикасы жоғарыдағы Ресей Федерациясымен арадағы екіжақты атқарылған нақты істермен бірге, Кеңес Одағы тарағаннан кейінгі алғашқы кезеңнен бастап, ТМД елдерінің арасындағы бейбітшілікті қамтамасыз етуге арналған бірлескен қорғаныс жүйесін құрудың да бастамашысы болды. Мысалы, 1995 жылдың 10 ақпандағы Алматы қаласында өткен ТМД елдері мемлекет және үкімет басшыларының бірлескен мәжілісінде жасаған баяндамасында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті: «Сіздерден Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттер арасындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау туралы Пактіні немесе Меморандумды қабылдау туралы ұсынысымызды қолдауыңызды сұраймын. Мұндай қадамның қажеттілігі пісіп-жетілгені анық. Бұл құжат біздің ынтымақтастығымыздың жаһандық мәселелерін тұтастай шешуге және әлі де бар келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал ететіні сөзсіз.

Құжаттың саяси маңыздылығы, менің ойымша, ол посткеңестік кеңістікті тұрақтандыру үшін қосымша шараларды қолданудың үлгісі бола алады.

Бүгін Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартты іске асыру мәселелеріне байланысты құжаттар топтамасын қабылдауды ұсынамын.

Достастық мемлекеттері Басшылары Кеңесінің «Ұжымдық бітімгершілік күштер және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен шаралар туралы» келісіміне енгізілетін хаттама уақтылы болып табылады деп санаймын.

Әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйесін құру туралы келісімге де қол қою ұсынылады.

Осы мәселелер тобына ТМД-ға қатысушы мемлекеттер мен оған кірмейтін мемлекеттердің шекараларын қорғаудағы ынтымақтастық туралы құжаттардың жобалары да қосылады. Аталған негізде біз өзіміздің құқықтық базамызды нығайта, шекара мәселелері бойынша ұлттық заңнамаларды жақындастыра аламыз», – деп көрсетіп, ТМД елдерінің ұжымдық ұлттық қауіпсіздік шараларын қабылдауының маңызын саралады⁸.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдерінің жетекшілерінің осы мәжілісінде: «Достастыққа мүше мемлекеттердің әскери, саяси, экономикалық және басқа да салаларда бір-біріне қысым жасаудан бас тартатын болады.

Осы Меморандумға қол қойған мемлекеттер өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес өз аумақтарында тәуелсіздікке, шекаралардың аумақтық тұтастығына және қол сұғылмаушылығына қарсы не ұлтаралық қатынастарды шиеленістіруге, сондай-ақ осы Меморандумға қол қойған елдердің мемлекеттік құрылымына сырттан қол сұғуға бағытталған ұйымдарды, топтарды құрудың және олардың қызметінің алдын алуға ниетті.

Мемлекеттер бір-бірінің қолданыстағы шекараларының мызғымастығын растайды және олардың беріктілігіне нұқсан келтіретін кез келген әрекетке қарсы тұрады, сондай-ақ шекаралар мен аумақтар мәселелері бойынша туындайтын барлық дауларды тек бейбіт жолмен шешетін болады», – деген мәлімдеме жарияланып, өзара бірлескен қорғаныс ынтымақтастықтың атқарар істерінің шеңбері айқындалды⁹.

XXI ғасырдың басынан ТМД елдерінің Ұжымдық қауіпсіздік күштерінің қызметі жалғасын тауып, Еуразия аңғарындағы қауіпсіздік шараларын іске асырудағы ықпалды қорғаныстық құрылым болып қалыптасты. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті бұл бірлестіктің одан арғы қызметі туралы: «2001 жылдың шілдесінде Ұжымдық күштер құрылды. Оған Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, құрылымдары енді, басқармасы Бішкекте орналасты. Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының ережелері, жұмыс бағыттары белгіленді.

Өңірдегі және әлемдегі күрделі ахуалға байланысты 2002 жылдың 14 мамырында Мәскеуде Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің шешімімен ҰҚК – ҰҚШҰ (Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы) халықаралық ұйымы болып өзгертілді. 2002 жылдың 7 қазанында Кишиневте ҰҚШҰ жарғысына қол қойылып, ол 2003 жылдың қыркүйегінде күшіне енді. ҰҚШҰ міндеті — әскери-саяси басқыншылардан, ланкестік ұйымдардан және табиғи апаттардан бірлесе отырып қорғану болып белгіленді.

ҰҚШҰ-ны нығайту үшін жасалған келесі қадам – Ұжымдық жедел қимылдау күштерін құру туралы шешім болды. Ол 2009 жылдың ақпанында құрылды. Бұл құрылым сыртқы агрессияны тойтаруға, терроризммен және экстремизммен, есірткі тасымалымен, қару-жарақ контрабандасымен, трансұлттық қылмыспен күреске ұдайы жауынгерлік әзірлікте болатын күшке айналды», – деп жазды (Назарбаев 2017: 508).

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының 2010 жылғы 10 желтоқсандағы өткен арнайы сессиясында оған мүше мемлекеттер жетекшілері оның жұмысын жаңа заман талаптарына сай жүргізу, осы бағыттағы бірлескен іс-қимылдарының тиімділігін арттыруға арналған ұсыныстары мен пікірлерін жариялады. Осы сессиядағы сөйлеген сөзінде сол мерзімдегі Қазақстан жетекшісі: «Бұдан басқа, біз келесі жылы ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру және дамыту бойынша стратегиялық және тұжырымдамалық құжаттарды әзірлеуді бастау туралы шешім қабылдадық. Қолда бар және болжанатын тәуекелдер мен қауіптер аясында бізде барлық мүше мемлекеттердің ұлттық мүдделерінің жиынтығын негізге ала отырып, орта және ұзақ мерзімді перспективадағы ұйым болуға тиіс», – деген айқындама жасап, ұйымның болашақтағы атқарар қызметіне талдау берді¹⁰.

Яғни, мүшелігінде бұрынғы Кеңес Одағы құрамында одақтас республикалар дәрежесінде болған бірнеше Тәуелсіз мемлекеттер қатарындағы Қазақстанның Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына енуі де оның бейбітшілікке негізделген қорғаныстық саясатының негізіне айналып, аталған бағыттағы әскери қуатын жақсартуға елеулі тұрғыда оңды ықпал етіп отырғандығы да қазіргі күні барынша айқындалып келе жатқандығы белгілі.

Тәуелсіздіктің алғашқы уақытынан Қазақстанның Америка Құрама Штаттары, Қытай Халық Республикасы және Түркия Республикасымен арадағы бейбітшілік бағытты негізге алған қорғаныстық саладағы өзара ынтымақтастығы іске асырыла бастады. Бұл саясаттағы Қазақстанның алдына қойған негізгі мақсаты осы мемлекеттердің қорғаныстық бағыттағы қызметін заман талабына сай атқарып отырған істерімен танысып, өзара тәжірибе алмасу, қазақстандық әскери мамандарды аталған елдердің оқу орындарында дайындау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатындағы бірлескен әскери жаттығулар өткізу, тағы басқалары болды.

Мысалы, осы мерзімнен Қазақстан Республикасының АҚШ-пен арадағы басқа бағыттармен қатар бейбітшілікті сақтауға негізделген екі жақты қорғаныстық саладағы ынтымақтастығы орын ала бастады. Атап айтқанда: «Біздің өзара қарым-қатынастарымыздың серіктестік сипатын белгілеген және саясат, экономика, қорғаныс және қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты дамыту басымдықтарының сапасын айқындаған аса маңызды және іргелі құжат ... «Демократиялық серіктестік туралы Хартия».

Осы құжатқа қол қойылғаннан кейін 1994 жылы қарашада бірлескен Комиссияға айналған екіжақты бірлескен комитеттің құрылуы мүмкін болды.

...Бірлескен Комиссия саяси, ... әскери-қорғаныс, ... облыстарында екіжақты ынтымақтастықты ілгерілетудің негізгі құралы болды», – деп көрсетілді бұл саяси да маңызды құжат туралы Қазақстан жағынан жасалған ресми мәлімдемеде¹¹.

Аталған саладағы одан арғы нақты атқарылған шараларға талдау жасайтын болсақ: «1994 жылғы 14-16 ақпанда Қазақстан Республикасының Президенті АҚШ-қа ресми сапармен келді, оның барысында төмендегідей құжаттарға қол қойылды: «Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы демократиялық әріптестік туралы Хартия», «Қорғаныс және әскери қатынастар саласындағы өзара түсіністік туралы Меморандум», «Қорғаныс конверсиясы жөніндегі бірлескен комитетті құру қағидаттары туралы мәлімдеме».

1994 жылы 19-21 наурызда АҚШ Қорғаныс министрі Уильям Перри Алматыға жұмыс сапарымен келді. АҚШ Қорғаныс министрі Президент Н. Назарбаевпен кездесті, оның

барысында екі тарап қорғаныс және қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау мәселелерін талқылады. Екі елдің қорғаныс министрлері С.К. Нұрмағамбетов пен У. Перри бұрын қол жеткізілген уағдаластықтарға қосымша болып табылатын және Қазақстан үшін осы қажеттіліктерге 15 млн. доллар бөлуді көздейтін Қазақстандық қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау туралы келісімге қол қойды.

Сапар барысында Қазақстан – Америка қорғаныс конверсиясы комитетінің бірінші отырысы өтті»¹².

Қазақстан Республикасы сыртқы істер министрлігінің 1997 жылдың соңындағы дайындалған қорытынды есебінде: «Екі мемлекет арасындағы қатынастың дамуының өткен бесжылдығы өзара мүдделілік жағдайындағы қазақстан-америкалық ынтымақтастығының жоғары қарқынды және нақты дамуымен ерекшеленді. Саясат және қауіпсіздік бағытындағы өзара кеңес ауқымды және тұрақты жағдайға қойылды, әскери-қорғаныс бағыттарындағы қатынас тереңдей түсуде», – деп көрсетілді¹³.

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы қорғаныстық саладағы мемлекеттік тұрғыда келісілген мұндай шаралар мемлекетіміздің бейбітшілікті нығайту бағытындағы жүргізіліп отырған қорғаныс саясатының халықаралық деңгейде танылып отырғандығының нақты белгісі болды.

Өз дербестігінің алғашқы уақытынан-ақ Қазақстан Республикасының аймақтық және әлемдік бейбітшілікті қамтамасыз ету жолындағы халықаралық ұйымдардың қызметіне қосылуы мақсатындағы НАТО-мен арадағы қатынасы орнатылуы да жүзеге асырылды. Соның ішінде біздің мемлекетіміз бұл әскери-қорғаныстық ұйымның “Бейбітшілікке жету жолындағы серіктестік” атты Бағдарламасына қабылданып, оның осы бағыттағы жоспарын орындау шараларына қатыса бастады. Бұл туралы Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің мәлімдемесінде баяндалғанындай: «Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты соңғы мерзімдегі негізгі бағыттардан тұрады: ТМД елдерімен, соның ішінде Ресеймен арадағы қатынастан, бұл Еуразия Одағы идеясынан, ал батыспен арадағы қатынас – НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» (Партнерство во имя мира) бағдарламасынан лайықты орын алуға ұмтылушылық болып табылады.

Осылармен қатар, НАТО-мен арадағы қатынастың негізі халықаралық жағдайдағы қазіргі даулы мәселелердің орын алуы жағдайындағы Қазақстанның қауіпсіздігі және территориясының тұтастығы, сонымен бірге халықаралық институттар тарапынан өз экономикасына инвестициялар тартуды іске асыру арқылы аз пайызды, сонымен бірге ақысыз көмек алу арқылы экономикалық қауіпсіздігін іске асыру болып табылады»¹⁴.

Жоғарыда аталып өткеніндей: «Біздің еліміз басқа халықаралық ұйымдардың қызметіне, атап айтқанда, НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасына белсенді қатысуға ұмтылды.

1993 жылғы ақпанда НАТО басшылығының шақыруымен Н.Ә. Назарбаев Солтүстік Атлантикалық альянстың штаб-пәтерінде болып, онда Қазақстан мен НАТО-ның әскери және саяси салаларда тиімді ынтымақтастықты жолға қоюда ортақ мүдделері бар екенін атап өтіп, еліміздің сыртқы саясаты туралы сөз сөйледі» (*Актуальные проблемы внешней политики Казахстана* 1998: 24).

Біздің мемлекетіміз бен Америка Құрама Штаттары және Қазақстан мен НАТО арасындағы іске асырыла бастаған осындай ынтымақтастықтың мақсаты және мазмұны туралы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы елшілігі: «Хартияда («Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы демократиялық әріптестік туралы Хартияға» (1994 жылғы ақпанда қол қойылды) Қазақстанның НАТО-

ның «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» көпжақты ынтымақтастық бағдарламасына қосылуы туралы да айтылады, алайда бұл Н.Ә. Назарбаевтың айтуынша, Қазақстанның Солтүстік Атлантикалық блокқа кіруі болып табылмайды», – деген ресми мәлімдеме жасап, бұл келісімдердің түпкі мәнін айқындады¹⁵.

Қазақстан Республикасының ХХІ ғасырдың басынан НАТО-мен арадағы қорғаныстық бағытындағы ынтымақтастығының барысы және оның нәтижесі туралы Мемлекетіміздің Тұңғыш Президенті: «2000 жылдары Қазақстан НАТО-мен ынтымақтастығын дамыта түсті. 2001 жылдың қыркүйегінен бастап Ауғанстандағы халықаралық ланкестікке қарсы коалицияға транзиттік қолдау көрсеттік.

2002 жылдың қарашасында Солтүстік Атлантикалық альянстың Бас хатшысы Дж.Робертсон Астанаға келді. 2006 жылы НАТО мен Қазақстан өңірлік қауіпсіздікті нығайтуды, терроризммен күресте ынтымақтаса жұмыс істеуді, сондай-ақ шұғыл азаматтық жоспарлауды негіз еткен серіктестіктің жаңа деңгейіне өтті.

2006 жылдан Қазақстан Қарулы Күштері (Қазбат) пен НАТО күштерінің бірлескен «Дала қыраны» бітімгершілік жаттығулары өткізіліп келеді. Қазақстанның ҰҚШҰ жұмысына белсене араласуы және НАТО-мен серіктестігі ұлттық және өңірлік қауіпсіздіктің нығаюына жол ашты, жаһандық бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету ісіне маңызды үлес қосты», – деп жазды.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарынан Қазақстан Республикасының өзінің тікелей көршісі Қытай Халық Республикасымен арадағы қорғаныстық бағытындағы өзара қатынасы негізделіп, одан әрі дами түсті. Бұл мерзімде екі мемлекеттің аталған сала басшыларының әр деңгейдегі кездесулері ұйымдастырылды. Маңызды келісімдерге қол қойылды. Мысалы: «1997 жылғы 3-9 қазан аралығында Орталық Комитет төрағасы, Мемлекеттік Кеңес мүшесі, ҚКП ОК Саяси Бюросының мүшесі, ҚХР Қорғаныс министрі генерал-полковник Чи Хаотянның шақыруымен ҚР Қорғаныс министрі, генерал-полковник М.К. Алтынбаевтың Қытай Халық Республикасына ресми сапары іске асырылды.

1997 жылғы 4 қазанда ҚР ҚМ мен ҚХР ҚМ арасында достық жағдайда өткен ресми келіссөздер ұйымдастырылды. Келіссөздер аяқталғаннан кейін бұрын қол қойылған мемлекетаралық келісімдер негізінде екіжақты әскери-техникалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері бойынша сындарлы пікір алмасу орын алды.

Аталған ресми кездесулердің қорытындысы бойынша әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімге және Келіссөздер хаттамасына қол қойылды, онда екі тарап ҚР мен ҚХР арасындағы мемлекетаралық және әскери қатынастардың даму деңгейін жоғары бағалады, екі елдің қорғаныс министрлері немесе олар тағайындаған өкілдер деңгейінде тұрақты кездесулер өткізудің қажеттігі мақұлданды, екіжақты әскери-техникалық ынтымақтастықты кеңейтудің маңыздылығы айқындалды»¹⁶.

XX ғасырдың 90 жылдарының соңына дейінгі осындай атқарылған істердің барысында қазақстандық архив деректерінде: «Әскери байланыстар мен әскери-техникалық ынтымақтастық саласында жақсы іргетастар негізделді. Бұл салада маңызды екі құжатқа қол қойылды: ҚР мен ҚХР арасындағы ынтымақтастық туралы Меморандум және Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісім. Екі қорғаныс ведомствосы арасында бірінші басшылар деңгейінде де, бас штабтар, әскери бөлімшелер деңгейінде де белсенді делегациялық алмасу жүріп жатыр», – деп жазылып, бұл екі жақты байланыстың маңызы атап көрсетілді¹⁷.

Көрсетілген кезеңде Қазақстан Республикасының Түркия Республикасымен арадағы қорғаныс саласындағы өзара ықпалдастыққа да ойдағыдай назар аударылды.

Өйткені «Түркия Республикасы Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізген және өзінің Қарулы Күштерін құрған кезден бастап елімізбен саяси және әскери салада белсенді ынтымақтастықты бастаған алғашқы алыс шет мемлекеті болып табылады. Содан бері біздің елдеріміз қорғаныс ынтымақтастығы саласында айтарлықтай алға басуларға қол жеткізді.

Екі елдің әскери ведомстволарының басшылығы арасындағы алғашқы байланыстар 1993 жылғы ақпанда, Қазақстан Республикасына ресми сапармен бұрынғы Ұлттық қорғаныс министрі Н. Аяз және Түркия Бас штабының бұрынғы бастығы армия генералы Д. Гүлеш келген кезде орнатылды. Осы сапар барысында әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы ведомствоаралық келісімге қол қойылды.

Атап айтқанда: «1996 жылғы қыркүйекте қазақстандық қорғаныс министрлігі басшысының Түркияға сапары барысында Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Түркия Республикасының Қорғаныс министрлігі арасында Әскери саладағы ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Министрлігінің жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі комитетінің төрағасы - Қазақстан тарапынан және Түркия Ұлттық Қорғаныс Министрлігі тарапынан Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-полковник Т. Кылынч техникалық және қорғаныс-өнеркәсіптік ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге қол қойды»¹⁸.

Қазақстан мен Түркияның арасындағы бейбітшілікті сақтауға арналған өзара әскери ынтымақтастық қазіргі күні де одан ары жалғасып отыр. Олардың қатарына тұрақты жүргізіліп келе жатқан әскери саладағы тәжірибе алмасулар, әскери мамандарды бірлесе дайындау, т.б. жатқызуға болады.

Міне осылай, Қазақстан Республикасы ХХ ғасырдың 90-жылдарының басынан бейбітшілік бағыттағы қорғаныстық саясаты мен оның жүйесін негіздей отыра, ел қауіпсіздігі, Орталық Азия өңіріндегі тұрақтылық пен бәсеңдікті қамтамасыз етудегі мемлекетаралық ынтымақтастыққа белсенді тұрғыда қосылуы арқылы әлемдік деңгейдегі бейбітшілікті түпкілікті қамтамасыз етудегі өзінің келелі ұсыныстарын жариялап келе жатқандығы белгілі. Біздің мемлекетіміз осы бағыттағы дүниежүзі мемлекеттерінің бірлескен шараларына да тұрақты негізде қатысып, ұсыныстарын жариялап келеді. Осылардың қатарында Қазақстан Республикасының сол мерзімдегі жетекшісі 2010 жылдың 13 сәуіріндегі Вашингтон қаласында өткізілген «Ядролық терроризмнің қаупін азайтудың Ұлттық шаралары мен ядролық материалдардың қауіпсіздігін іске асыру» деген тақырыппен өткізілген Ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған саммиттегі жасаған баяндамасында: «Мемлекетаралық кооперацияның, әсіресе жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде жүйелі әлсіздіктің көрінісі байқалады», – деп көрсетіп, халықаралық ядролық терроизмнің алдын алудағы бірлескен қызметтің өсе түскен қауіпке қарсы қызметінің деңгейіне тоқтады, оны ортақтаса жандандырудың жолдарын саралады¹⁹.

Ал, 2010 жылдың 1 желтоқсанындағы Астана қаласында өткізілген ЕҚЫҰ-ның VII Саммитінде сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының басшысы: «Біз кеңірек координаттардағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне – «Мұхиттан Мұхитқа дейін» – көшуіміз керек.

Біз төрт мұхиттың шекарасында – Атлантикадан Тынық мұхитына дейін және Солтүстік мұзды мұхиттан Үндіге дейін еуразиялық қауіпсіздіктің бірыңғай кеңістігін қалыптастыру туралы айтып отырмыз», – дей келе, Еуразия аңғарындағы бейбітшіліктің

тұрақтылығын іске асырудың маңыздылығына тоқтады. Халықаралық деңгейдегі ұзақ мерзімді бейбітшілікті сақтаудағы Қазақстан құрамына енетін әлемдік қорғаныстық саясаттың келелігі және қажеттігін атап көрсетті²⁰.

Қазақстан Республикасының ел егемендігінің алғашқы он жылдығындағы еліміздің қорғанысын негіздеп, оның қуатын арттырудағы атқарған көп бағытты қызметінің нәтижесінде Қазақстан Қарулы Күштері заман талабына сай жабдықталды. Оның әскери қуаты арттырылды. Қажетті жоғары санатты әскери қызметкерлермен қамтамасыз етілді. Яғни аталған бағытты іске асыру қалыптасқан жүйеге көшті. Қазақстан Армиясы ТМД елдерімен қоса, Орталық Азиядағы бейбітшілікті қорғаудағы ықпалды күшке айналды. Тақырыптың өзектілігін ескере отыра, ел қорғанысын негіздеп, дамытудағы ХХІ ғасырдың 20 жылдарындағы мемлекеттік негіздегі атқарылған істерге ғылыми негізде талдау жасап, зерттеу жұмысын одан ары жалғастыру жоспарланып отыр.

Қорытынды

– Қазақстан Республикасының Тәуелсіздіктің алғашқы мерзіміндегі жүргізген қорғаныстық саясатының басты мақсаты ең алдымен ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету, аймақтық және дүниежүзілік деңгейдегі бейбітшілікті сақтауға, соның ішінде, өзімен көрші орналасқан мемлекеттермен арадағы өзара келісімді де түсіністікті қатынасты қамтамасыз етуге үлес қосуға арналды;

– Аталған бағыттағы іске асырылған шаралар мемлекетіміздің шекарасын берік негізде қорғау, ғаламдық, өңірлік шеңбердегі бірлескен қорғанысты іске асыруға арналды;

– Қазақстан Республикасының осы мақсатқа арналған келісімдер мен шараларға белсенділікпен және тұрақты түрде қатыса отыра, ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы ТМД елдері деңгейіндегі атқарылған нақты істердің тиімділігін қамтамасыз етудегі орны қалыптасты;

– Көрсетілген кезеңдегі әлемнің жекелеген жақын және алыс елдерімен арадағы жүзеге асырылған ынтымақтастықтың басты мазмұны да осы қызметке арналып, кез келген сыртқы қарулы күш көрсетуге лайықты жауап беру мақсатындағы республика қорғаныс жүйесін қалыптастыруға назар аударылды;

– Қазақстан Республикасының ҰҚШҰ (Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы) шеңберіндегі жұмыстар мен ұйымдастырылатын шараларға қатысуы тұрақты негізге айналып, келелі ұсыныстарымен ерекшеленді;

– Осындай мазмұндағы қамтамасыз етілген көпсалалы қорғаныстық саясаттың нәтижесінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қазіргі заман талабына сай жабдықталып, дайындықтан өтуі іске асырылды;

– Республиканың бейбітшіл бағыттағы қорғанысты іске асыру мақсатындағы өмірге келген Қарулы Күштері Еуразия өңіріндегі қуатты да ықпалды құрылым ретінде белгілі бола түсті;

– Еліміздің арнайы әскери бөлімдері Орталық Азия аймағындағы қайшылықты аудандардағы бейбітшілікті қамтамасыз етудегі бірлескен шараларға тұрақты негізде қатысу орын ала бастады;

– Ең бастысы, мемлекетіміздің Қарулы Күштері ел тұрғындарының қауіпсіздігі мен бейбіт өмірін қамтамасыз етудің берік қамалына айналып, олардың сеніміне ие болды.

– Ел тәуелсіздігі беріктігінің айқын кепілінің қатарындағы мемлекеттің қорғаныстық саясатын заман талабына сай жүргізудегі, мемлекет ішілік қана емес, халықаралық

деңгейдегі мүдделі жақын, алыс мемлекеттермен арадағы өзара келісімді іс-қимылы және оның алғашқы нәтижелілігіне мақалада мүмкіндігінше назар аударылды. Бұл істі одан ары жандандырудың маңызы айқындалды.

– Бұлармен қатар, мемлекетіміздің аталған бағыттағы кең ауқымды қызметі Еліміздің әлеуметтік және экономикалық дамуына кепілдік жасап, оңды әсер еткендігі дәлелдене түсті.

Ұсыныстар

– Қазақстан Республикасының елдің тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдарынан мемлекеттің қорғаныстық саясатын іске асырудағы атқарған жүйелі де едәуір деңгейдегі нәтижелі қызметін және оның одан ары қажеттілігі маңызын мүмкіндігінше әртүрлі баспасөз құралдары арқылы насихаттауды іске асыру;

– Осы бағыттағы жастар арасындағы патриотизм және отансүйгіштік сезімін қалыптастырудағы қазіргі Қазақстан Армиясындағы үлгі болар жетістіктерді, әскер қатарындағы азаматтардың айтулы қызметтерін теледидарларда, тағы да басқа ақпарат құралдарында берілетін арнайы хабарларда жүйелі тұрғыда жариялауға назар аудару;

– Бұлармен қатар Қазақстан армиясындағы заманның талабына сай атқарылып жатқан кең ауқымды шаралар мен олардың нәтижесіне арналған арнайы бұқаралық ұйымдастыру шараларына жоғары деңгейдегі әскери мамандардың, саясаткерлердің жүйелі тұрғыда қатысуына жету;

– Орта мектепті бітірушілер арасында олардың әскери мамандықты таңдауларына, осы саладағы жоғары әскери оқу орындарына түсіп, білім алуларына назар аудару. Бұл үшін Қазақстан қорғаныс саласындағы атқарылып жатқан озық істердің үнемі жариялылығын іске асыруға жету, Отан алдындағы қызмет етудің, маман әскери қызметтің қасиеттілігін жастар санасында түсіндіруді жүйелі түрде ұйымдастыру;

– Заман талабына сай жабдықталып, халықаралық деңгейде таныла бастаған Қазақстан Қарулы Күштерінің осы бағыттағы бейбітшілікті қамтамасыз етудегі қызметінің одан ары тұрақты негізде жүргізілуіне қоғамдық негізде ат салысуға жету;

– Мұнымен бірге, Қазақстан Республикасының қазіргі күнгі мемлекеттің берік қауіпсіздігін қамтамасыз ету іске асыру және аймақтық, одан ары әлемдік дәрежедегі бейбітшілікті сақтаудағы атқарып отырған көпсалалы қызметін, оның оңды нәтижелерін ел ішінде және халықаралық деңгейде жариялаудағы осы саламен айналысатын тарихшылардың белсенділіктерін арттыру;

Осындай нақты бірлескен ауқымды да жоспарлы іс-шаралар атқарылғанда Отанымыздың көпұлтты тұрғындарының арасында Қазақстан қарулы күштерінің бүгінгі деңгейі мен қызметіне, Мемлекетіміздің қорғаныстық саясатына деген қанағаттанарлық және жауапкершілік сезімі орнайтын болады, Халық пен Армияның арасында тығыз байланыс орнатылады. Қазақстан Армиясының алдына қойған міндеттерді орындауға деген жауапты міндеттілік туады деп есептеуге болады.

Acknowledgements

We express our sincere gratitude to the Deputy Director of the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences K.Sh. Alimgazinov, for selecting archival materials on the topic of the article; to Lieutenant General, Doctor of Historical Sciences, Professor A.B. Tasbolatov, for his valuable advice on current issues concerning the history of

the formation and development of the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan; and to the Leading Researcher at the Institute of State History of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Political Sciences B.R. Sheriazdanov, for his practical advice on structuring the scholarly work. We also extend special appreciation to the staff of the National Academic Library of the Republic of Kazakhstan for providing the necessary materials. We thank the editorial board of the journal for their technical support and methodological recommendations.

Алғыс

Осы зерттеу жұмысы барысында мақаланың тақырыбына арналған архив деректерін іріктеуге қолдау көрсеткен Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві директорының орынбасары, тарих ғылымының докторы Қ.Ш. Әлімғазиновке, Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің құрылуы мен қалыптасу тарихының өзекті мәселелері бойынша құнды пікірлерімен кеңес берген генерал-лейтенант, тарих ғылымының докторы, профессор А.Б. Тасболатовқа, ғылыми еңбектің құрылымы бойынша кеңес берген ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері, саяси ғылымдар кандидаты Б.Р. Шерияздановқа алғысымызды білдіреміз. Сондай-ақ, қажетті материалдарды ұсынған ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы қызметкерлеріне ерекше ризашылығымызды білдіреміз. Журнал редакциясына техникалық жағынан берген кеңестеріне алғыс айтамыз.

Благодарность

Выражаем искреннюю признательность заместителю директора Архива Президента Республики Казахстан, доктору исторических наук К.Ш. Алимгазину за подбору архивных материалов по теме статьи; генерал-лейтенанту, доктору исторических наук, профессору А.Б. Тасболатову за ценные советы по актуальным вопросам истории формирования и становления Вооруженных Сил Республики Казахстан; ведущему научному сотруднику Института истории государства Комитета науки Министерства науки и высшего образования РК, кандидату политических наук Б.Р. Шериязданову, за практические советы по составлению структуры научного труда. Также выражаем особую признательность сотрудникам Национальной академической библиотеки РК за предоставленные необходимые материалы. Благодарим редакцию журнала за техническую поддержку и методические рекомендации.

Қосымша

1. Договора о военном сотрудничестве между РК и РФ, документы, информации, справки за 1992 год. Архив Президента РК (Далее АП РК). Ф. 75-н, оп. 1, д.850, лл.32-37.
2. Об аренде военных полигонов, расположенных в Казахстане. Документы, справки и др. 1992 год. АП РК. Ф. 75, оп. 1, д. 2944, л. 47
3. Двухсторонний Договор о военном сотрудничестве (ст.11) между Казахстаном и Россией. Соглашении, справки и др. 1994 год. АП РК. Ф. 75, оп. 1, д. 846, лл. 16-18.
4. О военном сотрудничестве между государствами СНГ и дальнейшем и пути его развития. Справки, информации и др. 1994 год. АП РК. Ф. 75, оп. 1, д. 2944, л. 116
5. Текст вступительного слова Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А. на совместном заседании Советов Глав Государств и правительств СНГ 10 февраля

- 1995 г. Алматы. АП РК. Ф. 5-н, оп. 1, д. 5015, лл. 7-10.
6. Перспективы военного сотрудничества Государств-участники Содружества. доклады, проекты межправительственных соглашений и др. 1994 год. АП РК. Ф. 75-н, оп. 1, д. 2927, л. 38
 7. Тезисы выступления Президента РК Н.А.Назарбаева на пресс-конференции по итогам сессии Совета коллективной безопасности ОДКБ Москва. 10 декабря 2010 г. АП РК. Ф. 75-н, оп. 8, д. 1120, л. 2
 8. Соглашение с государствами СНГ в области экономики, обороны, безопасности, экологии. Соглашения, проекты документов, справки. 1995 год. АП РК. Ф. 75-н, оп. 1, д. 3198, л. 2
 9. Об итогах визита Президента РК Н.А.Назарбаева в США. Документы, проекты соглашений, выступления. 1994 год. АП РК. Ф. 5-н, оп. 1, д. 5202, лл. 50-54.
 10. Отношение со странами СНГ в области политики, экономики, безопасности. 1994 г. АП РК. Ф. 75-н, оп. 1, д. 3198, лл. 1-4.
 11. Основные направления внутренней и внешней политики Республики Казахстан в современном этапе. Политические письма посольств и представление РФ и заключения к ним. Справки, докладные записи, информации. Январь-июнь 1995 г. Архив внешней политики РФ (далее АВП РФ). Ф. 897, оп. 1, д. 3, лл. 4-15.
 12. Итоги встречи, переговоров Н.А. Назарбаева и Б.Н. Ельцина по вопросу о собственности на имущество СЯС. Справки, информации, доклады. 1992 год. АП РК. Ф. 75-н, оп. 1, д. 850, лл. 32-37.
 13. Об официальном визите Министра обороны Республики Казахстан в Китайскую Народную Республику. Информация, доклады, справки. 1997 год. АП РК. Ф. 75-н, оп. 1, д. 3270, лл. 17-19.
 14. Об итогах официального визита Министра обороны Республики Казахстан в Китайскую Народную Республику. Информация, доклады, справки. 1997 год. АП РК. Ф. 75-н, оп. 1, д. 3265, лл. 6-12.
 15. Документы о сотрудничестве Республики Казахстан с Турецкой Республикой по вопросам обороны и безопасности. Информации, письма, ноты. 6 января - 1 декабря 1997 год. АП РК. Ф. 75-н, оп. 1, д. 3412, лл. 73-74.
 16. Положение в СНГ в 1995 году. Справки, докладные записи, информации. Москва, 1996 год. АВП РФ. Ф. 897, оп. 3, д. 7, лл. 66-67.
 17. О послании Президента Казахстана к народу Казахстана (Казахстан 2030). Докладные записи, информации, справки. Москва, 1997 год. АВП РФ. Ф. 897, оп. 4, д. 12, л. 93
 18. Документы по военному и военно-техническому сотрудничеству с Российской Федерацией. Справки, проекты договоров, соглашения. Июль 1992 - февраль 1993 г. АВП РФ. Ф. 5-н, оп. 1, д. 3351, л. 2
 19. Выступление Президента РК Н.А.Назарбаева на утреннем заседании Саммита по ядерной безопасности по теме «Национальные меры по снижению угрозы ядерного терроризма и обеспечению безопасности ядерного материала». Вашингтон, 13 апреля 2010 год. АП РК. Ф. 5-н, оп. 1, д. 1127, лл. 2-5.
 20. Тезисы выступления Президента РК Н.А.Назарбаева на Саммите ОБСЕ. Астана, 1 декабря 2010 г. АП РК. Ф. 5-н, оп. 8, д. 1084, лл. 2-3.

Әдебиеттер тізімі

- Айткен Д. *Казakhstan. Сюрпризы и теоретипы*. Москва: Художественная литература. 2011. 208 с.
- Актуальные проблемы внешней политики Казахстана. *Сборник статей*. Под общей ред. К. Токаева. Москва: Русский Раритет. 1998. 413 с.
- Дубовцев Г. *Военная безопасность Республики Казахстан: опыт, актуальные проблемы, основные направления обеспечения*. Астана: КИСИ При Президенте. 2012. 218 с.
- Ещанов А., Баянов А., Губашев С. *Правовое регулирование обеспечения военной безопасности и обороны Республики Казахстан*. Нур-Султан: Национальный университет обороны имени Первого Президента Республики Казахстан-Елбасы. 2020. 190 с.
- Касенова Т. *Атомная степь: как Казахстан отказался от ядерного оружия*. Алматы: Steppe & World Publishing. 2024. 368 с.
- Қазақстан тарихы*. 5-том. Алматы: Атамұра. 2010. 517 б.
- Қарулы күштердің қызметінің әскери-техникалық қамтамасыз етілуі: әлемдік тәжірибе және даму үрдістері. *Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы*. Нұр-Сұлтан: 2020. 413 б.
- Назарбаев Н. *Тәуелсіздік дәуірі*. Астана: ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы қоры. 2017. 508 б.
- Нурымбетова Г., Қудайбергенов Р. *Внешиполитические инициативы Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева*. Историко-документальное исследование. Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 2010. 384 с.
- Молдашева А. *Правовые основы организации деятельности Вооруженных сил Республики Казахстан: состояние и перспективы*. Астана: Национальный университет обороны имени Первого Президента Республики Казахстан- Елбасы. 2023. 135 с.
- Сагадиев М., Бекболатов А. *Әскери дайындықтың физикалық аспектілері*. Нұр-Сұлтан: Қорғаныс министрлігі баспасы. 2021. 198 б.
- Тоқаев Қ. *Беласу*. Алматы: Дәуір. 2008. 552 б.

References

- Aitken D. *Kazakhstan. Siurprizy i steoretipy*. Moscow: Fiction Publ. 2011. 208 p. (in Russian)
- Aktualnye problemy vneshnei politiki Kazakhstana. *Collection of articles*. Pod obshchei red. K.K. Tokaeva. Moscow: Russian Rarity Publ. 1998. 413 p. (in Russian)
- Dubovtsev G. *Voennaia bezopastnost Respubliki Kazakhstan: opyt, aktualnye problemy, osnovnye napravleniia obespecheniia*. Astana: Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan Publ. 2012. 218 p. (in Russian).
- Eshchanov A.Sh., Baianov A.M., Gubashev S.S. *Pravovoe regulirovanie obespecheniia voennoi bezopasnosti i oborony Respubliki Kazakhstan*. Nur-Sultan: National Defense University named after the First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy Publ. 2020. 190 p. (in Russian)
- Kasenova T. *Atomnaia step: kak Kazakhstan otkazalsia ot iadernogo oruzhiia*. Almaty: Steppe & World Publishing Publ. 2024. 368 p. (in Russian).
- Qazaqstan tarihy*. Vol.5. Almaty: Atamura Publ. 2010. 517 p. (in Kazakh)
- Qaruly küşterdiñ qyzmetiniñ äskeri-tehnikalyq qamtamasyz etilui: älemdik täjiribe jäne damu ürdisteri. *Collection of Materials from the International Scientific Conference*. Nur-Sultan: 2020. 413 p. (in Kazakh)
- Nazarbayev N. *Täuelsızdık дәuiri*. Astana: First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy Foundation Publ. 2017. 508 p. (in Kazakh)

- Nurymbetova G., Kudaibergen R. *Vneshnepoliticheskie initsiativy Prezidenta Respubliki Kazakhstan N.A. Nazarbaeva*. Historical and documentary study. Almaty: Kazakh Encyclopedia Publ. 2010. 384 p. (in Russian)
- Moldasheva A. *Pravovye osnovy organizatsii deiatelnosti Vooruzhennykh sil Respubliki Kazakhstan: sostoianie i perspektivy*. Astana: National Defense University named after the First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy Publ. 2023. 135 p. (in Russian)
- Sagadiev M.T., Bekbolatov A.K. *Äskeri daiyndyqtyñ fizikalyq aspektleri*. Nur-Sultan: Ministry of Defense Press Publ. 2021. 198 p. (in Kazakh)
- Toqaeв Q. *Belasu*. Almaty: Däuir Publ. 2008. 552 p. (in Kazakh)

Information about the authors

Ganiy Karassayev – Doctor of Historical Sciences, Chief Researcher, Institute of State History of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 8 Mangilik El Avenue, 010000, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-8579-7922>, karasayev_gm@mail.ru

Kanat Yensenov – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Professor, Department of Regional Studies, Faculty of International Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev Street, 010000, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0000-1853-4869>, kanat-02-79@mail.ru

Nurzhan Konrбай – PhD, Leading Researcher, Institute of State History of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 8 Mangilik El Avenue, 010000, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-1284-3403>, nurjan12.kz@mail.ru

Akkaiyn Balykova – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Chief Researcher, Institute of State History of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, 8 Mangilik El Avenue, 010000, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-5660-694X>, akkain-b@yandex.ru

Авторлар туралы мәлімет

Ғани Қарасаев – тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкері, ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің Мемлекет тарихы институтының Мәңгілік ел даңғылы, 8, 010000, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-8579-7922>, karasayev_gm@mail.ru

Қанат Еңсенов – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Халықаралық қатынастар факультеті аймақтану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің, Сәтпаев көшесі, 2, 010000, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0000-1853-4869>, kanat-02-79@mail.ru

Нұржан Қонрбай – PhD, жетекші ғылыми қызметкері ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің Мемлекет тарихы институтының, Мәңгілік ел даңғылы, 8, 010000, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-1284-3403>, nurjan12.kz@mail.ru

Аққайың Балыкова – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, жетекші ғылыми қызметкері, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Мемлекет тарихы институты, Мәңгілік ел даңғылы, 8, 010000, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-5660-694X>, akkain-b@yandex.ru

Сведения об авторах

Ганий Карасаев – доктор исторических наук, главный научный сотрудник Института истории государства Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, пр. Мангилик ел, 8, 010000, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-8579-7922>, karasayev_gm@mail.ru

Канат Енсенев – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, профессор кафедры регионоведения факультета международных отношений, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010000, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0000-1853-4869>, kanat-02-79@mail.ru

Нуржан Конрбай – PhD, ведущий научный сотрудник Института истории государства Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, пр. Мангилик ел, 8, 010000, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-1284-3403>, nurjan12.kz@mail.ru

Аккайын Балыкова – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института истории государства Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, пр. Мангилик ел, 8, 010000, Астана, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0001-5660-694X>, akkain-b@yandex.ru

Contribution of the authors

G. Karasaev – defined the scientific concept of the article's topic and the structure of the research problem. Systematized historical and documentary materials, prepared the introduction, main part, conclusion, and recommendations section. Provided scientific supervision of the research, ensuring its substantive and methodological quality. In addition, worked with domestic and foreign archival materials, selected the necessary sources, and conducted a review of foreign scholarly literature.

K. Ensenov – analyzed the historical stages of the defense policy of the Republic of Kazakhstan and carried out a comparative analysis of a number of sources. Participated in preparing the section devoted to Kazakhstan's role within the CIS and the CSTO, contributed to the processing of materials, and took part in writing the main and analytical parts of the article.

N. Konrбай – collected materials related to Kazakhstan's defense cooperation with international organizations, in particular with NATO, the SCO, and the USA, and participated in preparing the corresponding sections. Contributed to editing the academic style and grammatical accuracy of the article.

A. Balykova – participated in preparing the introduction and methodological sections of the article, analyzed sources based on the principles of historical systematization and the comparative method. Standardized bibliographic references and carried out the technical editing of the article.

Авторлардың қосқан үлесі

Ғани Қарасаев – мақала тақырыбының ғылыми тұжырымдамасын айқындап, зерттеу мәселесінің құрылымын анықтады. Тарихи-деректік материалдарды жүйелеп, мақаланың кіріспе, негізгі, қорытынды және ұсыныс бөлімдерін әзірледі. Жалпы зерттеу жұмысына ғылыми жетекшілік жасап, оның мазмұндық және әдіснамалық сапасын қамтамасыз етті. Сонымен қатар, шетелдік және отандық архивтік материалдармен жұмыс жасап, қажетті деректерді іріктеді. Шетелдік еңбектерге шолу жасады.

Қанат Енсенев – ҚР-ның қорғаныс саясатына қатысты тарихи кезеңдерді талдап, бірнеше дереккөздерге салыстырмалы талдау жүргізді. Әсіресе ТМД және ҰҚШҰ шеңберіндегі Қазақстанның рөліне арналған бөлімді дайындауға қатысып, материалдарды өңдеуге үлес қосты. Мақаланың негізгі және талдау бөлімдерін жазуға атсалысты.

Нұржан Қонрбай – халықаралық ұйымдармен, атап айтқанда НАТО, ШЫҰ және АҚШ-пен қорғаныстық ынтымақтастық бағытындағы деректерді жинақтап, тиісті бөлімдерді әзірлеуге қатысты. Мақаланың ғылыми стилін және грамматикалық талаптарын дайындауға ат салысты. Аққайың Балыкова – мақаланың кіріспе және әдіснама бөлімдерін дайындауға қатысып, деректерге тарихи жүйелілік пен салыстырмалы әдіс негізінде талдау жүргізді. Мақаладағы сілтемелерді біріздендірді және техникалық редакциясына жауапты болды.

Вклад авторов

Г. Карасаев – определил научную концепцию темы статьи и структуру исследуемой проблемы. Систематизировал историко-документальные материалы, подготовил введение, основную часть, заключение и раздел с рекомендациями. Осуществлял научное руководство исследованием, обеспечивал его содержательное и методологическое качество. Кроме того, работал с отечественными и зарубежными архивными материалами, осуществил отбор необходимых источников и провёл обзор зарубежной научной литературы.

К. Енсенев – проанализировал исторические этапы оборонной политики Республики Казахстан, провёл сравнительный анализ источников. Принял участие в подготовке раздела, посвящённого роли Казахстана в рамках СНГ и ОДКБ, внёс вклад в обработку материалов. Участвовал в написании основной и аналитической частей статьи.

Н. Конрбай – собрал материалы, касающиеся сотрудничества Казахстана в области обороны с международными организациями, в частности с НАТО, ШОС и участвовал в подготовке соответствующих разделов. Принял участие в редактировании научного стиля и корректировке текста статьи.

А. Балыкова – участвовала в подготовке введения и методологического раздела статьи, провела анализ источников на основе принципов исторической систематизации и сравнительного метода. Осуществила унификацию библиографических ссылок и осуществила техническое и редакционное оформление статьи.

Disclosure of conflict-of-interest information. The authors claim no conflict of interest / **Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу.** Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / **Раскрытие информации о конфликте интересов.** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье.

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 24.12.2025.

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 15.02.2026.

Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 05.03.2026.